

Ахмет Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік университеті



**КӨПСАЛАЛЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ**

**МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**

**Маусым (июнь)
№2 (26) 2015**

References:

1. Bassov M.J. Selected psychological works M. Pedagogics, 1975 - 432 p.
2. Berdnikov I.G. Mass physical culture at the university M. High School, 1991 - 240 with
3. Gaponova O.A. Features of adaptation of university students. Psychological Journal, 1994 - 240s
4. Yevseyev Y.I. Physical Culture. Rostov-on-Don, Phoenix 2005 -41-45s
5. Kosmolinskiy F.P. Physical culture and performance. M. Languages, 1983 -75-79s
6. Pravosudov V.P. Physical education and health, M. 1985-165-170s.

Сведения об авторах

Горбунова Наталья Александровна – старший преподаватель центра физической и спортивной подготовки Костанайского государственного университета, г. Костанай, Абая, 28, тел.55-89-69, e-mail: natalya.gorbunova.1961@mail.ru

Гальвина Наталья Петровна - старший преподаватель центра физической и спортивной подготовки Костанайского государственного университета г. Костанай, Абая, 28, тел.55-89-69, e-mail: galvina_natalya@mail.ru

Gorbunova Natalya Aleksandrovna - Senior Lecturer, Centre of physical and athletic training Kostanay State University Kostanay e-mail: natalya.gorbunova.1961@mail.ru

Galvina Natalya Petrovna - Senior Lecturer, Centre of physical and athletic training Kostanay State University Kostanay e-mail: natalya_galvina@mail.ru

Горбунова Наталья Александровна – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің дене және даярлау орталығының аға оқытушысы, e-mail: natalya.gorbunova.1961@mail.ru

Гальвина Наталья Петровна – А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің дене және даярлау орталығының аға оқытушысы, e-mail: galvina_natalya@mail.ru

УДК 811.512.122

ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІ МЕҢГЕРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Қайыпбаева А. - ф.ғ.к., тіл және әдебиет теориясы кафедрасының доценті, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Бұл мақалада сөйленер сөздің тақырыбы мен мақсатына назар аударылған. Теориялық мәселелер іріктелген. Алдын-ала жұмыс жоспарын, басты тезисті құру керек екеніне тоқталған. Айғақтарды іріктеу керек екені түсіндірілген. Сөйленер сөз мәтінімен жұмыс жүргізу, мәтінді редакциялау, әр халықтың шешендік өнерінің ерекшеліктеріне тоқталған.

Шешендік тек тарихи құбылыс қана емес, қоғамдық құбылыс екені қарастырылған. Шешендік өнердің тарихына көз жіберсек, шешендік өсіресе тәуелсіздік жолындағы күресте өте-өте белсенді қызмет атқарғанын көрсеткен. Бұл мақалада шешендік сөздің сипатына қарай, яғни, нені айту, қайда айту, қалай айту талаптарына орай, шешендік өнер тіл мәдениетін көтеретін шарттардың бастысына айналғаны баяндалған.

Аталмыш мақалада шешендік сөздердің мән-мағынасы ашылып, жас ұрпақтың бойына атадан қалған асыл сөздерді жеткізу деген мақсат көзделеді.

Сонымен бірге, автор шешендік өнердің шығу тарихы ежелгі Грек және Рим елдерімен тығыз байланысты екенін назардан тыс қалдырмаған.

Негізгі ұғымдар: шешендік ой, негіз, таным, бағыт, шешендік тарихы, дәлел, мысал, ерекшелік.

ИЗУЧЕНИЕ ОРАТОРСКОГО ИСКУССТВА – ТРЕБОВАНИЕ ВРЕМЕНИ

Кайыпбаева А. – к.ф.н., доцент кафедры теории языка и литературы, Костанайский государственный университет имени А.Байтұрсынова

Данная статья обращает внимание на тему и цели ораторских искусств. Рассмотрены главные теоритические вопросы. Установлен предварительный план работы и необходимость создания основных тезисов. Объяснена необходимость в рассмотрении доказательств.

Обращено внимание на работу с ораторским текстом и его редактирование, а также на особенности ораторского искусства разных стран.

Ораторское искусство исследовано не только как историческое, а еще и общественное явление. Если обратиться к истории ораторского искусства, то можно заметить его значимую роль в борьбе за независимость. В этой статье указаны виды ораторского искусства: в зависимости от того, что говорить, где говорить, как говорить - оно является одним из главных условий развития языковой культуры.

Целью данной статьи является раскрытие содержания ораторского слова и воспитание молодого поколения на мудрых идеях предков.

Наряду с этим, автор не оставил без внимания тот факт, что история создания ораторского искусства тесно связана с древней Грецией и Римом.

Ключевые слова: ораторская мысль, основа, познание, направление, история ораторского искусства, доказательство, пример, особенность.

THE STUDY OF ORATORY - A REQUIREMENT OF TIME

A.Kajypbaeva - associate professor of theory of language and literature, candidate of philology sciences, Kostanay State University named after A.Baitursynov

This article draws attention to the subject and purpose of oratory. Highlighting the main issues in theory. Established a preliminary work plan and the need for major points. Explain the need to consider the evidence. Attention is paid to work with oratorical text and edit it as well as the peculiarities of oratory different countries.

Oratory Art studied not only as a historical, but also a social phenomenon. If you look at the history of oratory, we can see its role in the struggle for independence in this article indicates the types of oratory: Depending on what to say, where to say, how to say - it is one of the main conditions for the development of language culture.

The purpose of this article is by wise ideas of ancestors to uncover oratorical art and teach young generation.

Along with this, the author designated the fact that the history of oratory closely associated with ancient Greece and Rome.

Key words: oratorical idea foundation, knowledge, direction, history of oratory, proof example feature.

ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІ МЕҢГЕРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Жалпы шешендік өнердің шығуы белгілі бір қоғамның шығуымен, дамуымен байланысты екенін қазақ шешендік өнерінің тарихы растайды. Қазақ рулары мен ұлыстары пайда болғаннан бері-ақ өз замандастарына озат ойлы, шебер тілді адамдар болғаны күдік туғызбайды. Алайда, шешендік өнердің шығып қалыптасуы қоғамның белгілі бір даму сатысымен, шешендердің шығуымен, олардың сөздерімен межеленеді.

Шешендік сөз тарихын еске алсақ, XII-XIII ғасырлардағы Майқы би, Аяз би, XIV Ғұғасырлардағы Жиренше шешен, Асан қайғы XV- XVIII ғасырлардағы Шалкиіз, Бұқар, Шортанбай, Дулат, Төле, Қазыбек, Әйтекелерді сөз қылу парыз.

Белтірік шешеннің «Сөзден ащы нәрсе жоқ. Сөзіңді тіліңе билетпе, ақылыңа билет, ақылыңды, сөзіңді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт, кімге қай жерде, қай кезде, қалай сөйлейтініңді біл» деп толғайды. Осы дәйек сөзді негіз ете отырып, салт-дәстүріміздегі шешендік сөздердің мән-мағынасын ашып, жас ұрпақтың бойына атадан қалған асыл сөздерді, яғни ұлттық тәлім-тәрбиенің қағидаларын сіңіру-бүгінгі күннің парызы. Осы тұрғыдан алғанда біз қазақтың шешендік өнерін тарихта, тарихи аңыздарда есімдері, сөздері сақталған Майқы би мен Аяз биден бастаймыз.

Майқы би - өмірде болған тарихи адам, Шыңғыс ханға кеңесші болған, бытыраңқы қазақ руларынан ел құрап, Алаша ханды бас қылып, қазақтың алғашқы хандығын құрған, қазақ рулары мн ұлыстарының таңбаларын тасқа қашатып, ұрандарын белгілеп берген қоғам қайраткері. Сонымен бірге ол артына аталы сөзі қалған өз заманының айтулы шешені болған. Неше ғасыр бойы халық жадында сақталған және Абай мен Мәшһүр Жүсіп растаған «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» дейтін нақыл да оны қазақ шешендерінің басы, халық шешендік сөздерінің атасы деуге дәлел бола алады. [1,31]

Шешендік өдеп пен мәдениетіне материалды меңгеруі, тіл сауаттылығы, сөздік қор, ой жүйесі, дәлелдігі жатады. Сонымен қатар әр шешен адам өзін-өзі ұстай білуі керек. Оған шешеннің табиғи шынайылығы, сөйлеу техникасы, аудиториямен қарым-қатынасы жатады.

Ал шешендік келбетке кіім кию мәдениеті, жүріс-тұрысы, бет-әлпеттік өзгерістері, қимыл-қозғалысы жатады [2, 11].

Белтірік шешен «Сөзден тәтті нәрсе жоқ, сөзден ащы нәрсе жоқ. Сөзіңді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылыңды, сөзіңді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт, кімге, қай жерде, қай кезде, қалай сөйлейтініңді біл» - деп толғайды. Шешендер ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін, жаулап алған елдің арасына бітім айтатын,

күлгенді жылатып, жылағанды жұбата алатын даналық сөздер иесі. Шешендік өнер көрген-білгенді көкейге тоқып, көп үйреніп, ізденудің арқасында, талай айтыс-тартысқа түсіп, жалықпай жаттығу арқылы жетілетін өнер. Шешендік сөздер түрлеріне бата берудегі шешендік сөз, қайғы-қазға байланысты туған шешендік сөздер, шешендік парасат, шешендік сын, шешендік нақыл, шешендік ақыл, шешендік өсиет, шешендік өсиет, шешендік жұмбақ, шешендік дау. [3,21]

Асылы, қазақ ауыз әдебиетінде «шешен» деген атау Жиреншеден басталады, сірә, бұл ұғымды оған дейін «би» деген атау атқарып келсе керек. «Би» мен «шешен» деген атаулар күні кешеге дейін қатар қолданылып, кейде бірін-бірі ауыстырып келгені кездейсоқ емес.

Белгілі бір мәселені талқылағанда, бастапқы оймен, шебер тілмен ауызша айтқан мазмұнды, көркем пікірін шешендік сөз дейді.

Белгілі бір мәселені талқылау кезінде ауызекі сөзі мен тыңдаушыларды аузына қаратып, сөзіне тарта білетін терең ойлы, шебер тілді адамды шешен дейді.

Бұрынғы қазақ шешендерінің бір ерекшелігі – олар сөздерін жазып дайындамаған, сөздері қағазда емес, халық жадында сақталған, ауызша тарап өлденеше кісінің, ұрпақтың өңдеуінен өтіп, қысқарған, ұстарған, бейнеленіп кіреп айтқанда «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» - дәні қалған, сөйтіп, бүкіл халықтық мұраға айналған.

Шешендік тек тарихи құбылыс қана емес, қоғамдық құбылыс. Түрлі тарихи қиын кезеңдерде шешендік қоғамға қызмет етті. Шешендік өнердің тарихына көз жіберсек, шешендік өсіресе тәуелсіздік жолындағы күресте өте-мөте белсенді қызмет атқарады. Шешендер тіпті жер дауы мен жесір дауын қозғаса да, түбі елдікке, бірлікке, теңдікке барып тірелді. Сондықтан да әйгілі шешендердің тайпа көсемдері, ханға кеңесші билер, қол бастағана батырлар болуы тегін емес еді. Немесе біз білетін шешендердің әрі би, әрі қолбасшы, әрі батыр, әрі жырау-философ болуы да осы ұлы мұраттан туындағаны белгілі. Кейін қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың өзгеруіне байланысты, идеология да өзгерді: бұрынғыдай халық жиналыстарында саяси-әлеуметтік тақырыптарда пікірталасы немесе үгіт-насихат сөздері кеңінен жүзеге аспады, қоғам мүшелерінің саяси белсенділігі төмендеді. Енді шешендер мен шешендік сөздердің, шаршы топтың сипаты өзгерді: шешендер білім-ғылым, оқу-ағарту, тәлім-тәрбие, мәдениет-өнер тақырыптарын қозғаған көркем сөз иелері – ақындар мен жазушылар, ғалымдар, журналистер болса, тыңдаушы топ – білім-ғылым, оқу-ағарту, мәдениет саласындағы көпшілік. Кейінгі қоғамда шешендік өнердің көрінетін орындары – жоғарыдағы тақырыптарға арналған жиналыс, конференция, съезд, симпозиум, семинар, диспуттар еді. Шешендік сөздің сипатына қарай, яғни, нені айту, қайда айту, қалай айту талаптарына орай, шешендік өнер тіл мәдениетін көтеретін шарттардың бастысына айналды.

Жалпы алғанда шешендік сөз немесе шешендік өнер – ежелгі Грекия мен Рим заманынан бермен қарай көптеген халықтардың мәдени, рухани, өмір тіршілігіндегі өнердің бір түрі екендігі белгілі. Грек шешендік өнерінің игі өсері арқасында көне Римде де бұл өнер дами бастады. Біздің дәуірімізге дейінгі III ғасыр Рим мен Грек елдерінде эллиндік дәуір деп аталып, әдеби-мәдени құндылықтардың алмасуымен сипатталады. Бұл сипат шешендік өнерге де тікелей қатысты. Байырғы салалары: бейнелі сөз, шешендік сын, шешендік өсиет, шешендік нақыл, шешендік дау, шешендік толғау. Әрқайсының өсерлі өңі, сұлулығы, татымдығы, дуалылығы, зерделігі адам ой жүйесіне, жан-дүниесіне, сезіміне мықты қозғау салады, жүрек тебіренеді. Тыңдаушының еркі мен сезімін билейді, толғандырады [4,87].

Шешендік сөздер ағып тұрған поэзия, тұнып тұрған философия. Ақ өлеңмен өрілген сөз тұнығы: сырлы теңеу, астарлы сын, жинақы ой, жұмбақты меңзеу, қисынды толғам, тылсымды талай. Бәрі тіл құдіретінің, пікір түйінділігінің, таңғажайып ой толғағының өмбебап туындысы.

Өмірдің барлық белестерінде, мейлі ол баланың немесе дананың сөзі болсын, болмаса күнделікті өмірдің мамыражай тұрмысындағы сәттерден бастап философиялық немесе филологиялық тұрғыда болсын бейнелеуде әрбір халықтың тілі өзінше орамды.

Қазақ тілінің жетістігі – өзге халықтардың тілдерінің жетістігіндей бүкіл адамзатқа ортақ мән-мазмұндық байлықтың бір бөлігі. Өлем халықтарының бір де бірінің сөздігінде ұшыраспайтын, тек қана қазақ тілінің мүмкіндіктері арқылы нақтылы құбылыстарды танып-білуге болатын шешендік сөздер бар. Жалпы қазақ шешендік өнерін дамыту дегеніміз гуманитарлық тұрғыдағы қуатты қаруды шыңдау, қоршаған ортаны бағалаудың бір құралын жетілдіру деген сөз.

Халықтың шешендік өнері оның мәдени-әлеуметтік дамуын және тұлғалық белсенділігін айшықтайтын деңгей. Шешендігімен халық шындыққа жол ашты, басын біріктірді, өзін танытты. Шешендік – адамның бірін-бірі түсіну, түзету және құрметтеу амал-әрекеті. Шешендік өнер – адамның тұлғалық бейнесін және халықтық даналығын айқындайтын өлшем. Шешендіктің тәсілін, тәжірибесін және ережесін игеру – ұлттық дәстүрді жалғастыру және өркениеттілікті өрбіту.

Халықтың шешендік өнері оның мәдени-әлеуметтік дамуын және тұлғалық белсенділігін айшықтайтын деңгей. Шешендігімен халық шындыққа жол ашты, басын біріктірді, өзін танытты. Шешендік – адамның бірін-бірі түсіну, түзету және құрметтеу амал-әрекеті. Шешендік өнер – адамның тұлғалық бейнесін және халықтық даналығын айқындайтын өлшем. Шешендіктің тәсілін, тәжірибесін және ережесін игеру – ұлттық дәстүрді жалғастыру және өркениеттілікті өрбіту. Осы тұрғыда шешендік өнерді игерту мәселелеріне тоқтала кетсек, артық емес. Шешендік өнерді

дамыту -білім алушыларды тілдік тұлғаларды дұрыс қолданып, ойын басқа адамға толық жеткізуге дағдыландыру, басқа адамдардың сөзін жақсы түсінуге үйрету. Басқаша айтқанда шешендік өнерді дамыту – қазақ тілінде білім алушылардың қатынас құралына айналдыру. Бұл жалпы тіл үйрету мақсатымен толық сай келеді. Сөйлемді мәнерлі, мәнді, мағыналы, сырлы, жұмбақты құрау арқылы ойын басқаға жеткізу, басқадан да сондай мағынасы терең жауап алу шешендік өнерді дамытуға жатады. Сөйтіп тіл дамыту – мағынасы, көлемі кең ұғым.

Адам ойын ауызша, не жазбаша түрде жеткізеді. Сондықтан білім алушы тілін дамыту екі бағытта жүргізіледі: ауызша және жазбаша. Жалпы алғанда шешендік өнерді оқытуға бұл екі бағыт қатар байланыста жүргізіледі. Бірақ шешендік өнерді оқытудың ең алғашқы кезеңінде ауызша тіл дамыту басымырақ болады. Сөйлеу тілі кейінірек жазба тілді дамытуға негіз болады.

Адамның сөйлеуінде қолданылатын тілдік нұсқалар дыбыс, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, сөйлемдердің тіркесі. Бұлар шешендік өнерді оқытудағы негізгі мәселелер. Ауызша сөйлеу тілінің бұл – негізгі мәселесі.

Шешендік сөздегі суырып салушылық өнері - шешендіктанумен айналысушы әр біреудің ұмтылар биігі. Кез келген аудитория алдында өзін еркін сезінуге үйрену, шаршы топ алдында ойлана білуге үйрену –оп-оңай міндет емес. Оны тек қана өзіңмен жүргізілген қажырлы еңбек арқылы шешуге, жеңуге болады. «Шешендіктану

негіздері» курсының сабақтарында осындай жұмыстың дағдылары берілуі тиіс.

Бұл, алғашқы ретте, шешендіктану ең басында «адамға тән қасиеттерді» зерттеуге бағытталуына байланысты. Жалпы адамдық тұлғаны, адамның өзін-өзі тануын зерттеу – сөйлеу өнерін меңгергісі келетін кез келген адамның шешімін табуға тырысу үшін айналысар алғашқы кездегі міндеттері.

Қазір шешендік сөз енді өлең түрімен емес, таза қара сөзбен айтылатын болды.

Әдебиеттер:

1. Қ. О.Жұбаниязова. Шешендік сөздерді оқыту. Тіл және әдебиет. 40-41б. 2013ж. № 5
2. Қазақ және әлем әдебиеті №3, 2014ж 31 бет.
3. Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері мен тілдік танымы. – Алматы; «Ғылым» 2005 - 296 б.
4. Лотман Ю.М. Анализ поэтического текста. Москва, 1979 – с. 80№

References:

1. K.O Zhubaniyazova. Sheshendyk sozderdy okytu. Tyl zhane adebiet. 40-41b. 2013zh. №5
2. Kazakh zhane alem adebiety №3, 2014zh. 31 bet.
3. Kosymova G. Kazakh Sheshendyk onerynyn negizdery men tyldyk tanymy. – Almaty; "Gylym" 2005 - 296 b.
4. Lotman U.M. Analiz poeticheskogo teksta. Moskva, 1979 – s. 80№

Сведения об авторе

Кайыпбаева А. – доцент кафедры теории языка и литературы, кандидат филологических наук, Костанайский государственный университет имени А.Байтұрсынова, г. Костанай. 5 мкр, 16 дом, 5 кв, тел: 87059623848, e-mail: KaypAigamal@mail.ru.

Kajypbaeva A. - associate professor of theory of language and literature, candidate of philology sciences, Kostanay State University named after A.Baitursynov, Kostanay, 5 microdistrict 16/5, phone 87059623848, e-mail: KaypAigamal@mail.ru.

Қайыпбаева А. - А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті Тіл және әдебиет теориясы кафедрасының доценті ф.ғ.к., Қостанай қаласы, 5 шағынаудан, 16 үй, 5 пәтер, тел: 87059623848, e-mail: KaypAigamal@mail.ru

УДК 91* 127 (674.31)

О ПОНЯТИИ ПОЛИТИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА ОБЩЕСТВА

Курзова Н.А. - к.ф.н., Костанайский государственный университет им. А.Байтұрсынова

В статье представлены основные теоретико – методологические подходы и концепции к исследованию проблемы политической культуры как к способу развития уникальных культурных парадигм политических феноменов в онтологической теории политики. Проведен также анализ, связанный с различными видами концепции политической культуры, также с природой, обстоятельствами, причинами рассмотрения политической культуры как ключевой категории политической науки. Дан критический анализ основных современных методологических подходов и